ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 кабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№ КВГА-13/1352
от 12.02.2019г.

«ЕвроРемонтСервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті сіздің 2018 жылғы 23 қаңтардағы №27247 шағымыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген №2960652-1 «*Строительство разводящих сетей в селе Майск Майского района Павлодарской области с подключением к Майскому групповому водоводу, II очередь, I пусковой комплекс*» мемлекеттік сатып алуларының камералдық бақылауы жүргізілді.

Қоршаған ортаны басқару және сапа менеджменттері жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжаттар туралы келесідегіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының (*ары қарай – Қағидалар*) 157 және 158 тармақтарына сәйкес сіздің конкурстық өтініміңізде қоршаған ортаны басқару және сапа менеджменттері жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжаттарының электрондық көшірмелері салынған.

Алайда, аталған сертификаттардың ҚР СТ ИСО 14001-2006 (ISO 14001:2004) «*Экологиялық менеджменті жүйелері. Қолдану жөніндегі талаптар мен басшылық*» және ҚР СТ ИСО 9001-2009 (ISO 9001:2008) «*Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар*» талаптарына сәйкестігін куәландыратын ұлттық стандарттар, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Техникалық Реттеу және Метрология Комитетінің 2016 жылғы 14 қарашадағы №285-од бұйрығына сәйкес, күшін жойған.

Сонымен қатар, сертификаттар мәртебесінің күшін жою туралы хабарлама Ұлттық аккредиттеу орталығының ресми сайтында белгіленген.

Соған байланысты, Қағидалардың 157 және 158 тармақтарына сәйкес, конкурстық комиссия сіздің өтініміңізге сәйкестік сертификаттарының болуы үшін шартты жеңілдіктерді заңды түрде қолданбаған.

Сіздің конкурстық өтініміздің жұмыс тәжірибесі туралы келесідегіні хабарлаймыз.

Қағидаларының Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның Ескертеуінің 9 тармағына сәйкес, құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс

объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталына сәйкес, тапсырыш берушімен су желіліерінің құрылысы бойынша жұмыстар сатып алынуда.

Соған байланысты, біліктілік туралы мәліметтерде мәлімделген «*ОҚО Сайрам ауданы Сайрам селосындағы су құбырлары жүйелерінің құрылысын қайта өңдеу» нысаны конкурс нысанымен «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы*» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) Тізбесінің 6-бөлімінде көзделген лицензияланатын жұмыс түрімен бір емес.

Өйткені, жоғарыда көрсетілген объектісі электр жүйелері бойынша жұмыстар жасалынған, сонымен қатар, сіздің конкурстық өтініміңіздегі орындалған жұмыстар актісінің электрондық көшірмелерінде тапсырыс берушінің қолы мен мөрі жоқ.

Демек, Қағидалардың 155 тармағына сәйкес, конкурстық комиссиямен сіздің өтініміңізге жұмыс тәжірибесі үшін бір пайыз мөлшерінде шартты жеңілдіктер заңды түрде берілген.

Бұл ретте, камералдық бақылаумен басқа да бұзушылықтар анықталды, оның қорытындысы бойынша Комитет камералдық бақылау жүргізу ережелеріне сәйкес шаралар қолданады.

Жауаппен келіспеген жағдайда, сіз «*Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы*» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Төрағаның орынбасары **Ш. Шайназарова**

Орын. Омаров Т.
Тел. 71-83-60